

«МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» ПӘНІ - БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН МАТЕМАТИКАДАН ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ ҚҰРАЛЫ

Жұматова Г.У.

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
БМ010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының
магистранты*

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және оның салдары ретінде білім беру жүйесіндегі өзгерістер қазіргі және болашақ мұғалімге жаңа талап қояды. Қоғам өз ісін жетік білетін және біліктілік деңгейі жоғары педагогтары қажет етеді.

Мұндай жағдайда, мұғалімнің кәсіптік іс-әрекетін оқып білу, жаңаша ұғыну, оның қазіргі заманғы білімнің негізгі қағидаларын жүзеге асыру, оқушы тұлғасын дамыту, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп даралап оқыту үшін жағдай жасауға бағытталған білім беруді гумандандыру, демократияландыру, гуманитарландыру ісіне белсенді қатысуы алға қойылады.

Қазіргі білімнің негізгі құрамдас бөліктері: «тәжірибе, білім, білік және дағдыны қалыптастыру процесі ретінде оқыту, тұлғаны әлеуметтендіру процесі ретінде тәрбиелеу, және мәдениетке тарту процесі ретінде ағарту ісі» болып табылады. Бұл процестерді үйлесімді және тиімді жүзеге асырушы – мұғалім.

Білім берудің тиімділігі, жемістілігі оқытудың нәтижесіне жету тәсілдеріне, оның сапасына, бақылау әдістері, түрлері және құралдарына байланысты. Сондықтан, білім ісіндегі өзгерістер бақылау жүйесіне де қатысты болуы керек, - деген мәселе де көтеріледі.

Елімізде білім беру жүйесін жетілдіруге, білім мазмұнын жаңарту, жоғары оқу орындарында мамандар даярлау сапасын арттыру мәселесіндегі көптеген отандық ғалымдар зерттеулері мен еңбектерінің маңызы зор. Оқушы тұлғасын математика оқыту құралдары арқылы дамытуға бағытталған бүгінгі таңдағы жаңа көзқарастарға байланысты әдістемелік зерттеулерге жасалған талдаулар, математиканы оқыту процесінде ықпал етуші барлық факторларды ескерудің қажеттілігін көрсетеді. Оқушының математикалық білімді меңгерудің жаңа сапалы деңгейіне, күтілетін нәтижелерге қалай, қандай жолдармен жететіндігін анықтау өте маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Мұндай жағдайда білім, білікті бақылаудың дәстүрлі тәсілдері оқушы тұлғасындағы сапалық өзгерістер, таным процесінде жалпы адамдық, эвристикалық және арнайы құралдарды меңгеру барысы жайында толық мәлімет алуға мүмкіндік бермейді. Математиканы оқыту процесінде қолданылып жүрген бағалау жүйесін өзгерту жолдарын іздеу мәселесі емес, нақты басшылық және жетекшілік механизмі болатын жобалау, оқушыларды математиканы меңгеруде қаншалықты алға

жылжығаны жайында ақпаратты талдау, өңдеу жүйесін құрудың әдіснамалық негіздерін дайындау мәселесі алға шығады.

Осыған байланысты, математиканы меңгеру барысында оқушының тұлғалық сапасының өзгеруін білікті бағалай алатын және оның математикалық оқу іс-әрекетінде кездесетін қиыншылықтарға шынайы мән беретін болашақ мұғалімді даярлау проблемасы ерекше маңызды болады.

Қазіргі уақытта оқу-тәрбие процесіне басшылық жасаудың тиімді құралдарының бірі болып оқу процесінің алғышарттары мен нәтижелерін кеңінен жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ететін, білім беру процесінде болатын барлық өзгерістерді анықтайтын тәсіл ретінде диагностика саналады.

Мұғалімнен жаңа ерекше білікті диагностикалау мақсаттарының жүйесін құру және оқыту процесін қол жеткізетін табыстарға бағыттау, ағымды және рубеждік нәтижелерді бағалау және мұғалім-оқушы байланысын тағайындау, математикалық іс-әрекетті меңгеру барысында оқушының тұлғалық сапасының өзгеру динамикасын талдау, т.с.с. талап ететін жаңа білімдік технологияларды кеңінен дайындау және енгізумен байланысты математиканы оқытуда диагностика проблемасы ерекше маңызға ие. Оқыту технологияларын пайдалану мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің өзінше бір технологиялық картасын дайындауды, оқу процесіне басшылық жасау мақсатымен оқушылардың оқу жетістіктері жөнінде үнемі және жүйелі ақпарат алу үшін диагностикалық құралдар құрастыруды қажет етеді.

Оқыту процесіндегі диагностика проблемаларын зерттеудің көкейтестілігі әлеуметтік-педагогикалық қоғам алдында тұрған жаңа міндеттермен, білім туралы бағдарламалық құжаттармен, білім стандарттарымен белгіленеді. Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың функциялары «оқушының өмір сүруіне және мектептің келесі сатысында оқуын жалғастыруы үшін қажетті білім, білік және дағдыларды» анықтауға бағытталған оқушылардың танымдық іс-әрекетін диагностикалау мәселесінің маңызын көтереді.

Орта және жоғары білімнің мемлекеттік стандарттары болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлауда өзгерістер мен түзету енгізілуін, білім беру мақсаттарымен анықталатын әдістемелік жүйенің барлық компоненттерін ұғынуды, болашақ мұғалім тұлғасына, оның қалыптасу заңдылықтарына, жаңа кәсіптік білікті меңгеруіне жағдай туғызуды ескереді.

031540- «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының жоғары білім берудің мемлекеттік стандартында жалпы кәсіптік пәндер циклында «Бастауыш мектеп оқушылары жеке басының психологиялық-педагогикалық диагностикасы» пәні енгізілген. Аталмыш курсты оқыту студенттерді психологиялық-педагогикалық диагностиканың келесі:

- қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздері;
- адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін бағалау жолдары мен тәсілдері;
- педагогикалық диагностика мәселелері;
- белгілі психодиагностикалық әдістемелері;
- психодиагностикалық құралдарды құру, олар қанағаттандыратын талаптарды дайындау;
- зерттеу жүргізу ережелері;
- нәтижелі бейнелеу тәсілдері проблемаларымен таныстыру.

Педагогикалық диагностика мәселелерін қарастыруда болашақ бастауыш сынып мұғалімінде жалпыпедагогикалық білік қалыптасатынын айта кеткен жөн. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік жүйеде диагностикалық білігін қалыптастыру мәселесі де назардан қалмауы тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін математикадан диагностикалық іс-әрекетке даярлау екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Бірінші жолы – 031540 – «Бастауыш оқыту педагогика және әдістемесі» мамандығының оқу жоспарына жоғары оқу орны таңдауымен тағайындалатын. Оқыту процесіндегі диагностика пәнін енгізу. Бұл жол болашақ бастауыш сынып мұғалімінің диагностикалық білігін қалыптастыруға интегративтік ықпал жасауға мүмкіндік береді. Екінші жол-Математиканы оқыту әдістемесі пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімінің диагностикалық іс-әрекетін дамытуға мүмкіндіктер іздестіру және қажетті жағдайларды дайындауды көздейді. Бұл неғұрлым тиімді жол, себебі студенттердің диагностикалық білікті меңгеру идеясын жүзеге асыру уақытпен шектелмейді, керісінше даярлық үнемі бастауыш сынып мұғалімінің жалпы әдістемелік дайындығының мазмұнымен үйлестіріледі. Мұндай мүмкіндіктер бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік дайындығының қамтамасыз ететін барлық пәндерде бар.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Математиканы оқыту әдістемесі» пәні мазмұнын студенттердің диагностикалық білігін қалыптастыруға теориялық және практикалық негіз болатын кейбір мәселелерді айқындайық.

Лекциялық сабақта қарастырылатын мәселелер

1. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі пәні және оның міндеттері
2. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту мақсаттары мен міндеттері
3. Математиканың бастауыш курсының мазмұны
4. Математиканы оқытуда әртүрлі әдістер пайдалану
5. Мұғалімнің сабаққа дайындалуы
6. Білім, білік, дағдыны тексеру және бағалау
7. Математиканы оқыту құралдары

Практикалық сабақта қарастырылатын мәселелер және студенттерде қалыптасатын диагностикалық білік

№	Сабақта қарастырылатын мәселелер	Диагностикалық білік
1	Математика бағдарламасын оқып танысу және талдау	Диагностика объектілерін анықтау
2	Әр оқу жылы аяғында бастауыш сынып оқушыларының білім, білік, дағдыларына қойылатын бағдарламалық талаптар	Оқу нәтижесін жоспарлау оқытудың диагностикалық мақсаттарын тағайындау
3	Бастауыш сыныпта математикадан бағалар нормасы	Мұғалімнің бағалау біліктері
4	Сабақты бақылау және талдау	Сабақ талдау схемасын құру
5	Оқушылардың білім, білігін бекіту және оларды меңгеру деңгейін тексеру үшін жаттығулар таңдау, талдау құру	Диагностикалық тапсырмалар дайындау
6	Оқушылардың жауаптарында жиі кездесетін қателерін, олардың себебін анықтау және талдау. Оқушылардың білім, білік, дағдысындағы олқылықтарды жою жолдары	Диагностикалық тест дайындау
7	Сабақ үзінділерін дайындау	Диагностикалық әрекеттер жоспарлау

Сонымен студенттердің диагностикалық білік мазмұны лекциялық және лабораториялық-практикалық сабақтарда қарастырылады. Ал диагностикалық әрекеттің мазмұнын, құрылымын ұғыну студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Студенттердің өзіндік жұмысының үлгіге берілетін кейбір тақырыптарын келтірейік:

1. Оқу материалын талдау және диагностика объектілерін айқындау.
2. Белгілі бір тақырыптың міндетті нәтижелерін айқындау.
3. Білімді тексеру, есептеу және бағалау мәселесіне арналған әдебиетке шолу жасау.
4. Математикалық жаттығуларға талдау жасау.
5. Белгілі бір тақырыпты оқыту жобасын жасау.

Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің математикадан диагностикалық білігін қалыптастыру:

- лекциялық сабақта мұғалімнің диагностикалық іс-әрекетінің теориялық негізімен танысу;

- лабораториялық-практикалық сабақта диагностикалық тапсырма дайындау;
- ағымды оқу жұмысында арнайы тақырыптарға студенттердің өздік жұмысын орындау;
- педагогикалық практика кезінде диагностикалық әрекетті жүзеге асыру;
- курстық және дипломдық жұмыс орындау барысында диагностика проблемаларына байланысты зерттеу әрекеті арқылы жүргізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Глейзер Г.Д. Математическое образование как элемент культуры //Математическое образование традиции и современность. – Н.Новгород, 1997.С.3
2. Бағдарлама. Математика. Жалпы орта білім беретін мектептің 1-4 сыныптарына арналған. – А.,2003
3. «Бастауыш оқыту педагогика және әдістемесі» мамандығының жоғары білім берудің мемлекеттік стандарты. – А.,2001
4. Государственные общеобязательные стандарты среднего образования Республики Казахстан. Начальное общее образование. –А.,2002
5. Подласый И.П. Педагогика начальной школы. – М., Гуманитарный издательский центр Владос, 2001. 399с